

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

март Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Комсомол конференциялары—комсомол ұйымдарының өміріндегі елеулі саяси оқыйға. Комсомол конференцияларын сын мен өзара сынды кеңінен өрістетіп, барлық комсомол жұмыстарын жоғары дәрежеге көтеруге жетісейік!

ялары

ында тәрбие жұмы-
етуі нәтижесінде оқу
бие жұмысының са-

, есеп беріп отырған
омол ұйымдарының
алаларында қолжет-
Алайда, бұдан ком-
жұмысында елеулі

ен ұғым тұмайды.
циялары қолжеткен
отырып, жұмыстың
болған кемшіліктер
ың себептерін батыл
кемшіліктер мен қа
мң жолдарын көрсе-

нцияларының деле-
ер мен жастарға ком
т, олардың саяси жа-
ңілігін арттыра түсу,
у-тәрбие жұмысының
селелеріне баса назар

комсомол комитеті
мол ұйымдарының
омсомолецтер мен жас
ім-тәрбие жұмысына
сиз дәрежеде болып
уданындағы Жамбыл
ашылық артелі ком-
секретары Нұрқанов
істі дәрежеде болмай
комсомолецтерге тәр-
комсомол жыйналы-

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлістері

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1952 жылғы 26 марттағы таңертеңгі мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

26 мартта, күндізгі сағат 11-де, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлісі залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші сессиясы ашылды. Председательдік етуші Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** шығып қалған депутаттардың орнына екі сайлау округі бойынша сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттарының өкілдіктерін тексеру нәтижелері туралы баяндама жасау үшін Мандат комиссиясының председателі депутат **С. Т. Бектелеев** сөз берді.

Депутат **С. Өтебаевтың** ұсынысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі мынадай қаулы алды:

«Мандат комиссиясының баяндамасын тыңдап, Қазақ ССР Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1952 жылғы 27 январьда № 39 Жамбыл—Киров сайлау округі бойынша және № 269 Қарқаралы сайлау округі бойынша сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутаттарының өкілдіктерін дұрыс деп тану туралы Мандат комиссиясының баяндамасы бекітілсін».

Бұл мәселе 1947 жылғы мартта сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Сотының өкілдігінің мағлұмат етуіне байланысты ұсынылады.

3. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.
Бұл мәселені Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутат **Н. Ысқақовтың** ұсынысы бойынша бұл мәселелерді сессияның күн тәртібіне бірауыздан енгізді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутат **С. Тұрғанбаевтың** ұсынысы бойынша сессия мәжлісінің жұмыс тәртібін қабылдады.

Председательдік етуші—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және Қазақ ССР-нің 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама жасау үшін Қазақ ССР Финанс Министрі **Т. Төлебаев** жолдасқа сөз берді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Бюджет комиссиясының председателі депутат **Р. Ильяшев** бюджет комиссиясының қосым-

Бюджеттің цифрларында коммунист партиясы мен совет үкметінің Қазақстан еңбекшілерінің мәдениетін барлық жағынан дамытуға, халық шаруашылығының барлық салалары үшін көптеген маман кадрлар даярлауға, республиканың ғылымын, искусствосын дамытуға қамқорлық жасап отырғандығы айқын бейнеленген.

Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бекітуге мынадай сомада енгізіледі: кірісі 4.462,4 миллион сом және шығысы—4.427,5 миллион сом, кірісі шығысынан 34,9 миллион сом артық. 1951 жылғымен салыстырғанда бюджеттің кірісі 5,3 процент, шығысы—10,2 процент артық.

Мемлекеттік бюджеттің едәуір бөлегі республиканың халық шаруашылығын қаржыландыруға жұмсалады. 1952 жылға арналған бюджеттің шығысының жалпы сомасының 33,4 проценті республиканың халық шаруашылығын оған сайын өркендетуге жұмсалады. Жарты миллиард сомнан аса қаржы күрделі құрылысқа және мал шаруашылығын өркендетуге жұмсалады.

1952 жылы әлеуметтік-мәдени шараларға 2.506,7 миллион сом жұмсау белгіленеді, бұл бюджет шығысының жалпы сомасының 56,6 проценті. 1951 жылмен салыстырғанда осы мақсатқа арналған шығын 186,4 миллион сом артық. Бұл шығындарды арттыру быйыл мектеп, мәдени-ағарту, емдеу-профилактикалық

сапасын жақсарту тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етпеген және күрделі құрылыстарға арналған қаржыны нашар пайдаланған кейбір министрліктер мен ведомстволарды сынады.

—Қазақстанның еңбекшілері, —деді депутат **Ильяшев**, —большевиктік партияның басшылығымен республика алдында тұрған міндеттерді орындауға бар күшін аямай жұмсайды және елімізде коммунизм орнату ісіне өзінің лайықты үлесін қосады.

Мұнан кейін Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және Қазақ ССР-нің 1950 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөз басталды.

Депутат **Ш. Оразбаевқа** (Марток сайлау округі, Ақтөбе облысы) сөз берілді.

—Қазақ ССР Министрлер Советі осы сессияның қарауына және бекітуіне ұсынған Мемлекеттік бюджет, —деді депутат **Оразбаев**, —республика еңбекшілерінің шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық салаларындағы аса зор табыстарын бейнелейді, мұның өзі партияның, үкметтің, ұлы көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың біздің республикамыздың еңбекшілерінің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыруға аса зор қамқорлық жасағандығының белгісі.

Оразбаев жолдас Ақтөбе облысы еңбек-

дегі социалистік жарысқа ұштасуға шақырды. Олардың бұл игілікті бастамасын комсомолецтер мен жастар ғана емес, облысымыздың барлық еңбекшілері қолдады. Бұл тамаша бастама өзінің игі нәтижесін беріп те отыр.

Есеп беріп отырған мерзімде облыс мектептері мен техникумдері басқа да оқу орындары комсомол ұйымдарының жұмысы жақсара түсті. Бұл комсомол ұйымдарының оқушы комсомолецтер мен жастар

теттері комсомол конференцияларының жұмысына тығнақты басшылық жасап, бүкіл комсомол ұйымы жұмысының жоғары дәрежеге көтерілуіне жетісуге тиіс. Демек, комсомол ұйымдары жұмысының дәрежесі оларға партия ұйымдарының басшылығына байланысты екендігі мәлім.

Комсомол конференцияларын сын мен өзара сынды кеңінен өрістете откізіп, барлық комсомол жұмыстарын жоғары дәрежеге көтеруге жетісейік!

—00—

А. Д. Дауылбаев жолдасты Қазақ ССР су шаруашылығы Министрі етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Ахмет Дәкішұлы Дауылбаев жолдас Қазақ ССР су шаруашылығы Министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. НЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары үшін
А. НЕКЛЮДОВ.

Алматы қаласы, 1952 жылғы 22 март.

—00—

И. В. Сталин шығармаларының литван тілінде басылып шығуы

ВИЛЬНИУС, 22 март. (СОТА). Литван ССР мемлекеттік саяси және ғылыми әдебиет баспасы И. В. Сталиннің «Россиялық социал-демократиялық партия және оның таяудағы міндеттері», «Пролетарлар табы мен пролетарлар партиясы (партия уставының бірінші пункті жөнінде)», «Қарулы көтеріліс және біздің тактикамыз», «Социал-демократка жауап»,

«Совет Одағының шаруашылық жағдайлары және партияның саясаты туралы», БК(б)П Орталық Комитетінің 1926 жылғы 13 апрельдегі пленумының жұмысы туралы Ленинград ұйымының активінде жасалған баяндама», «Өзара сын ұранын бұрмалауға қарсы» еңбектерін литван тіліне аударып, дербес кітапша етіп басып шығарды.

И. В. Сталиннің жеке шығармаларының башқұрт тілінде басылып шығуы

УФА, 22 март. (СОТА). Башқұрт АССР мемлекеттік баспасы И. В. Сталиннің «Партиядағы алауыздықтар туралы қысқаша пікірлер», «Пролетарлар табы мен

пролетарлар партиясы» деген еңбектерін башқұрт тіліне аударып, дербес кітапша етіп басып шығарды.

орнына 1952 жылғы 27 январьда Жамбыл облысы, № 39 Жамбыл—Киров сайлау округі бойынша және Қарағанды облысы, № 269 Қарқаралы сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттар сайлау өткізілді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттар сайлау кезінде сайлау округтері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1951 жылғы февральда өткізілген сайлауы кезіндегі шекара шеңберінде қалдырылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде әрбір сайлау округінде округтік сайлау комиссиялары сайланды, бұлар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің 42-статьясына сәйкес сайлауға басшылық етті.

Сайлауға 20.304 сайлаушы, яғни осы округтердің сайлаушылары 100 процент қатысты. Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін 20.288 сайлаушы дауыс берді. Бұл дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 99,92 проценті.

Документтерді тексеру нәтижесінде Мандат комиссиясы мыналарды анықтады: бұл сайлау округтері бойынша сайлау Қазақ ССР-нің Конституциясына және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережеге сәйкес жүргізілген. Қандай да болсын сайлау округі бойынша сайлауды дұрыс емес деуге ешқандай негіз жоқ, сонымен бірге, Қазақ ССР-нің Конституциясын және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережені бұзу жөнінде Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советіне депутаттар сайлауы жөніндегі округтің бірде-бірінде ешқандай шағым немесе мәлімдеме болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды негізге алатын, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Мандат комиссиясы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне сайланған мына депутаттардың өкілдігін дұрыс деп таныды: № 39 Жамбыл—Киров сайлау округі бойынша —Аталықов Медеу және № 269 Қарқара

жөнінің орындалуы туралы есепті бекіту.

Бұл мәселені Қазақ ССР Министрлер Советі ұсынады.

2. Қазақ ССР Жоғарғы Сотын сайлау. Бұл мәселе 1947 жылғы мартта сайланған Қазақ ССР Жоғарғы сотының өкілдігінің мерзімі өтуіне байланысты ұсынылады.

3. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.

Бұл мәселені Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі депутат Н. Ысқақовтың ұсынысы бойынша бұл мәселелерді сессияның күн тәртібіне бірауыздан енгізді. Мұнан кейін депутат С. Тұрғанбаевтың ұсынысы бойынша сессия мәжлісінің жұмыс тәртібін қабылдады.

Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және Қазақ ССР-нің 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама жасау үшін Қазақ ССР Финанс Министрі Т. Төлебаев жолдасқа сөз берілді.

Баяндамашы Қазақстан еңбекшілерінің шаруашылық және мәдени құрылыстағы қолжеткен аса зор табыстары туралы айтты. Өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жоспары 1951 жылы 100,3 процент орындалып, 1950 жылмен салыстырғанда 113 процент болды. Республикамыздың кәсіпорындары елімізге жоспардан тыс көптеген көмір, мұнай, болат, прокат, руда берді. Республиканың социалистік ауыл шаруашылығы да онан сайын өркендеу жолымен алға басты. Республикада егіс көлемі 1951 жылы 1950 жылмен салыстырғанда 10 процент артты.

1952 жылдың бюджетіне сипаттама бере келіп, баяндамашы мұнда Қазақстан Коммунист большевиктер Партиясының V съезі алға қойған өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету, товар айналымын ұлғайту, республика еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесін арттыру міндеттері бейнеленгендігін атап көрсетті.

басшылығы

Залда көп салды. Советінің дем бөшысы И. В. масалған өва жоқ.

Қазақ ССР комиссиясының Ильяшев Бюша баяндама

Ол Қазақ ған Мемлекет миссиясының түді ұсынды.

Депутат И ликаның хал деннетін она көп қаржы партияның,

Сталиннің онан сайын сап отырғанд

Халық шару ғыдай орынд ытат Ильяш кеміту, өнім

26 м

26 марта, ССР Жоғарғы Қазақ ССР мәжлісі болды. Председател Жоғарғы Сов Ф. Ш. Қаржау

Кешкі мәж жыла арнал және Қазақ С кеттік бюдже баяндама бой болды.

Жарыссөзде (Ташкент сай

Жас коммунистерді міндеттер

етінің III пленумынан)

ық роль
рдің са-
коммуни-
не ара-
арын мез-
йдағыдай
емшілік—
ішінде
не ком-
өткізуге
ығы бо-
ен астам
і өндіріс-
етаханов-
и тәрбие
шін бар-
гия ұйы-
ас өзінің
келе, жас
арға тап-
ртия жый
ене қатыс
дігін айт-
делі ол
алыстарын
партиялық
уын бақы-
лерін жете
гер қа-
істен отыр
ың секре-
ргізу жө-
і отыруға
ының сек-
істегі пар-
лай ұйым-
тоқталды
ер партия
дастырыла-
ды мүлтік-

Паровоз депосында партия мүшелігіне 54 кандидаттан 44-нің стаждары асын кеткен. Оларды саяси тәрбиелеу ісі жеткіліксіз. Бұл жөнінде баяндама айтылған сынды партия ұйымының секретары **Анохин** жолдас мойындады, сөйтіп, жас коммунистерді тәрбиелеу ісін партия ұйымының жақсартатындығын білдірді. Сонымен бірге, ол депода 27 партия тобының бар екендігін, олардың ішінде паровозшылар Слюнько, Шарипов, Трубицын, Букса, тағы басқа жолдастар басқарған топтардың жұмысты қалай істеп келе жатқандығын баяндады.

— Коммунистерді, әсіресе, жас коммунистерді тәрбиелеу ісінде,— деді қалалық комитеттің секретары **Ольшанская** жолдас, — олардың марксистік-лениндік оқуын жолға қоюдың зор маңызы бар. Алайда, жұмыстың бұл саласында кемшіліктер жоқ емес. Кешкі университеттің, партия мектебінің сабақтарына бірсыпыра тыңдаушылар үздіксіз қатысып отырмайды. Қалада партия тарихын үйренетін 138 үйірме болса, одан 27 үйірме оқу программасын орындауда артта қалып отыр. Үйірмелердің көпшілігінде сабақ тыңдаушылардың 60-70 процентінің қатысуымен ғана өтеді. Сол сыяқты, кейбір насихатшылар тұрақты семинардың сабағына қатысып отырмайды. Әсіресе, коммунистердің өздігінен оқуы ісінде үлкен кемшіліктер бар, бірсыпыра жолдастар шын мәнінде өздігінен оқып жүрген жоқ. Әрине, бұл кемшіліктерге қалалық комитет те кінәлі. Үстіміздегі оқу жылын ойдағыдай аяқтау үшін партия ұйымдары бұл кемшіліктерді тез жойып, партия оқуын жолға қоюға міндетті.

— Біз,— деді тораптық партия комите-

Балалар кітапханасында



— Нағима тәтей, маған Пришвиннің шығармасын беріңізші.
— Әмір, сен «Полк ұлын» оқып па едің?
— Әлде қашан оқырамын.
Өзінің оқығысы келген кітабын табылғанына қуанған Әмір Нағимаға алғыс айтып, үйіне кетті.

Нағима Кәрімбаева 13 жылдан бері күн сайын жас кітап оқушылардың сұраған кітабын бөгелместен тауып, оларға адал қызмет етіп жүрген таңдаулы кітапханашының бірі.

Петропавлдағы № 1 балалар кітапханасынан 500-ден астам оқушылар кітап алып оқып жүр. Оның кітап қорында 14500 кітап бар. Кітапханада оқушылар үшін керекті ғылыми, көркем әдебиеттер мен балалар әдебиеттері жеткілікті. Кітапханаға күн сайын 70—80 оқушы келіп, алған кітаптары мен журналдарын айырбастап алып тұрады.

Кітапхананың кітап қоры үнемі толықтырылып келеді. Үстіміздегі жылы 169 кітап сатылып алынды. Жыл аяғына дейін тағы да 9 мың

жоғарғы кластың оқушылары зор көмек көрсетіп жүр.

Кітапхана жанындағы оқу залы өте жақсы жабдықталған, оған күн сайын 80—100 адам, ал кітап оқушылар конференциялары болған күндері одан да көп адам келеді.

Үстіміздегі жылы оқу залында Ленин күніне, Совет Армиясы күніне, А. С. Пушкин күніне арналған әдебиет кештері өткізілді. Ал, Гоголь күніне арналып Пионерлер үйімен бірлесе отырып, кітап, сурет көрмелері ұйымдастырылды және ұлы жазушының өмірі мен жазушылық қызметін бейнелейтін плакаттар дайындалды.

«Менің жақсы көретін кітабым» деген тақырыпта өткізілген конференция өте қызықты болды. Онда 15 адам шығып сөйледі. А. Гайдардың «Тимур және оның командасы» деген кітабы жөнінде сөйлеген № 4 жетіжылдық мектептің оқушысы Арсен Артемьев Тимур образына айырықша тоқталды.

Кітапхана мен оқу залының қызметкерлері жуырда Новиков Прибойға арналған әдебиет кешін өткізбек. Төменгі кластың оқушылары

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасының Халық армиясы Бас командованиесінің бүгін берген хабарында былай делінген: Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен тығыз байланыс жасай отырып, американ-ағылшын интервенттеріне және лисымандық әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде.

Хыннам ауданында халық әскерлерінің артиллериясы Сэходин суларына басып кірген және жағалау аудандарын атқылаған дұшпанның кемелеріне оқ жаудырды. Дұшпанның әсминесі суға батырылды.

Бүгін халық әскерлерінің зенит бөлімдері дұшпан самолеттерінің үшеуін атып түсірді және төртеуін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 26 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін былай деп хабарлады: майдандарда айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Кеше түнде дұшпанның бомбалаушы авиациясының отряды Пхеньян ауданына шабуыл жасады, сөйтіп, айуандықпен бомбалады, пулеметтен оқ жаудырды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін атқыш отрядтары дұшпанның шығыс жағалау ауданына шабуыл жасауға қатысқан үш самолётін атып түсірді.

БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚАРСЫ

ТЕЛЬ-АВИВ, 26 март. (СОТА). Израил коммунист партиясының бас секретары Біріккен Ұлттар Ұйымының секретариатына және АҚШ-тың президентіне американ армиясының корей халқына қарсы соғыста бактериологиялық қаруды қолдануына наразылық білдірген телеграмма жіберді. Коммунист партиясы жаппай қырғынға ұшыратудың мұндай қаруын қолдану жөніндегі қылмысты айыптайды және корей халқына қарсы агрессияның тоқтатылуын талап етеді.

«Кол ваам» газеті Израил коммунист партиясы саяси комиссиясының елдің барлық адал ниетті адамдарын американ агрессорлары жүргізіп отырған бактериологиялық соғысқа қарсы наразылық білдіруге шақырып қарар қабылдағанын хабарлады.

ФРАНЦУЗ ҮКМЕТІ ТУНИС ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ РЕПРЕССИЯНЫ

лық орындары мал шаруашылығына жеткіліксіз басшылық жасап келеді. Осының салдарынан аудан колхоздарының көпшілігінде мал қыстату нашар ұйымдастырылып отыр. Малдың қорасы жайсыз, азығы да жеткіліксіз.

Малдың қысқы күтімі «Красное знамя» колхозында мүлдем бетімен жіберілген. Мұнда, әсіресе, қой түлігінің күтімі өз дәрежесінде емес. Өйткені, бұл колхозда асыл тұқымды қой фермасы бар. Мұндай колхозда қой түлігінің қысқы күтімінің ойдағыдай ұйымдастырылмауы тезуге болмайтын жағдай. Фермада қойды бағып күтудің, азықтандырудың және суарудың үлгілі графигі жасалмаған. Қой уақытылы азықтандырылмайды. Шопандар күндізгі қой азықтандыруды сағат 11—12-де ғана бастайды. Осы сыяқты, қой мезгіл-мезгіл суарылып отырмайды. Қой көбінесе анда-санда «уақыт, жағдай» болғанда ғана суарылады. Мұның өзі қойдың күйінің төмендеуіне, оның шығынға ұшырауына әкеліп соғып отыр.

Кәзір мұнда төл алу маусымы басталды. Қой жаппай қозылап жатыр. Алайда, колхоз бұл науқанға әзірліксіз кірісті. Қоздайтын және қоздаған қойлар, сол сыяқты, қозылар жүйе-жүйе, оңаша күтілмейді. Бұларға құнарлы жемшөп берілмейді. Ол күні бұрын әзірленбеген, қоралар жанына тасылып алынбаған. Күтімнің нашарлығынан қой, әсіресе, қозылар шығынға ұшырауда.

Колхоздың басқа фермаларында да малдың күтімі айтарлықтай емес. Қоралар жанына күнілгері тасылып алынған жемшөп жоқ. Сондықтан малға шөп әлсіз-әлсіз даладан тасылып әкелініп беріліп жүр. Кейбір күндері шөп өте аз тасылып, мал мезгілінде азықтандырылмай жемнен тарығып қалады. Бұл малдың қонының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

дағы колхозында да (преседателі өзінің жолдас) нашар өткізіліп келеді. Бұл колхозда да жемшөп жеткіліксіз. Оның үстіне ол малға ұқыпсыз беріледі. Сол сыяқты, мал қоралары әрі тар, әрі нашар жабдықталған. Малды қолда бағуға тәжірибелі қолхозшылар бөлінбеген. Малшылар тұрақтандырылмайды, олар жиі-жиі ауыстырылады. Осының салдарынан малға біркелкі жақсы күтім жасалмайды. Малшылар малды уақытылы жайламайды. Колхозда мал күтімінің төмендеуінің негізгі себебі, міне, осында.

Аталған колхозда төл алу науқанын үлгілі өткізу, барлық төлді шығынсыз өсіру үшін күрес жоқ. Ішті малдардың көптеп, төлдей бастағанына қарамастан, бұл колхозда төл алу маусымына әзірлік әлі аяқталған жоқ. Төл үйі, әсіресе, бұзау тұратын үй күні бүгінге дейін жабдықталып бітпей отыр. Ол-олма алынған төлге есеп те дұрыс жүргізілмейді. Мәселен, өткен жылдың декабрь айында алынған 21 торай жақында ғана есепке алынды. Бұл колхозда да мал шығыны да бар.

Малдың қысқы күтімі Булаев ауданының басқа колхоздарында да осындай. Мұндай маңызды науқан Ленин атындағы «Победа» және «Вторая пятилетка» колхоздарында мүлдем бетімен жіберілген. Мал фермаларында еңбек ұйымдастыру тиісті дәрежеде емес. Малды бағып күтуде зоотехникалық, малдәрігерлік талаптар көп реттерде сақталмайды. Бұларда жемшөп талан-тарақта түсуде.

Булаев ауданының басшылары мал шаруашылығына басшылық ісіндегі оқалықтан қанша арылмақ?

Н. ФИЛИПОВ,

облыстық ауылшаруашылық басқармасының өнімді мал шаруашылығы бөлімінің бастығы.

шылығын өркендету және жүн дайындауды арттыру жөніндегі қаулысында көрсетілген міндеттерді мінсіз жүзеге асыру жолында Соколов ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының шопандары жанамай еңбек етіп жүр. Олар қойды күйлі және шығынсыз өсіріп келеді. Шопандар, әсіресе, төл алу науқанына зор ұйымшылдықпен кірісті. Олар ішті қойларға және қозыларға қажетті жемшөпті, сол сыяқты, қораларды күнілгері жеткілікті әзірлеп алды. Бұл—кәзір төл алу маусымын ойдағыдай өткізуге зор мүмкіншіліктер туғызып отыр.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштаса отырып, колхоздың М. Рыжкова, А. Зыренева, М. Зенина және А. Хазова сыяқты таңдаулы шопандары күрделі табыстарға жетті. Олар алынған қозыларды шығынсыз өсіріп келеді.

А. ПОПКОВ.

Қажырлы еңбек

Чапаев атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) озат малшылары мал қыстатуда қажырлы еңбек етіп жүр. Олар малды бүкіл қыс бойына жақсы күтімде ұстап, шығынсыз өсіріп келеді.

Мәселен, мал шаруашылығында үздіксіз өнімді еңбек етіп жүрген колхозшылардың бірі—А. Тищенко жолдас. Кәзір оның қарауындағы 47 бұзаудың барлығы дерлік тыңғылықты күтімге алынып, шығынсыз өсірілуде.

Осы сыяқты, сауыншылар П. Кошиков және Кайгородцева жолдастар да қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан сүтті көп алу жөніндегі міндеттемелерін абыроймен орындап жүр.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Заемдар бойынша ұтыс

Үстіміздегі жылы облысымыздың жыйнақ қассалары мемлекеттік заемдар бойынша заем ұстаушыларға біржарым миллион сом ұтыс төледі. Оның ішінде қаладағы жыйнақ қассалары 7 мың облигацияға бір миллион сом ұтыс төледі.

Совет ауданының тұрғыны бір ретте 25000 сом ұтыс алды. Сол сыяқты көптеген заем ұстаушылар он мың және 5 мың сомнан ұтыс алды.

Ұтыс шыққан заем ұтыстарын толық немәнақ қассаларына салудың өзінде облыс вкладтардың өсімі 2,0. Осы мерзім ішінде қатарына 1207 адам сомасының мөлшері 99 артты.

КОЛХОЗ БАҚШАШЫЛАРЫНЫҢ ӘЗІРЛ

Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелинің (Октябрь ауданы) бақшашылары 13 гектарлық бақша алаңында қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асырумен бірге, көктемде жидек жемістерін баптап күтуге қызу әзірленіп жатыр. Мұнда жергілікті тыңайтқыштар жеткілікті. Көк-

темде бақшаға қар үшін қажетті шаралар. Сонымен бірге, көктемде жеміс ағаштары бақшашылардың көмегіне егін алқабын қорғағызылады.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН ХАУІПСІЗДЕНДІРУСІНЕ

а) хауіпсіздендірушілер малдарын оларды күту, азықтандыру зоотехникалық және мал дәрігерлік ережелерге сәйкес бағып, аурудан және өлуден алдын-ала сақтандыру шараларын міндетті. Малдың ауырғандығы жөнінде хауіпсіздендіруші деректер зоотехникалық-мал дәрігерлік участокке (мал дәрігерлік пункт) және ауырған малды күту жөнінде мал дәрігерінің (мал дәрігерінің) берген нұсқауларын сөзсіз орындауға тиіс.

б) мал өлген жағдайда хауіпсіздендіруші селолық Советке тиіс, ол өлген малдың өлімтігін көргеннен кейін акт жазады және аудандық ауылшаруашылық бөлімінің малдың өлімтігін дәрігерінің (мал фельдшерінің) қорытындысымен қоса заң бөліміндегі № 57-57 «а» үлгісімен мемлекеттік хауіпсіздендірушілерге жіберуге міндетті.

в) мемлекеттік хауіпсіздендіру орындары ауырып және төлетпек бойынша: өрт, күн түсу, жарылу, күн немесе ыстық өлген су тасқыны, боран соғу, бұршақ жауу, қасқыр жару, электр ұланған азық жеп байқаусызда ұлану апаттарына кездескен үшін хауіпсіздендіру шығынын төлейді.

Шығынға ұшыраған малдың хауіпсіздендіру шығынын толтыру мақсатында хауіпсіздендірушілер хауіпсіздендіру инспекцияларға түрде хауіпсіздендіру шарттарын жасауларына болады.

Мемлекеттік хауіпсіздендірудің Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар пәтері және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті